

Kazakh transcript:

Осыдан кейін шаңырақты көтереді. Қазақтың өмірінде шаңырақтың маңызы зор. Шаңырақ – үй, әулет мағынасында да пайдаланылады. Оны «қара шаңырақ» деп атайды. Ұл бала әке шаңырағының иесі, мұрагері болып саналады. Киіз үйдің басқа сүйектері ескірсе, жаңартады, ал шаңырақты жаңартпайды. Әдетте шаңырақты үй иесі, ер адам көтереді.

Сонан соң уықтарды шаншайды. Уықтың кереге басына байланатын жағы жалпақтану болып келеді және сол жерді тесіп бау өткізеді, оны «уық бау» деп атайды. Осы бау арқылы уық пен кереге басын біріктіріп байлайды. Шан-шылып біткен уықтың сыртынан айналдыра құрмен шалмалап таңады.

Шаңырақтан кейінгі ерекше қастерленетін бөлшегі ол босаға. Ол табалдырық пен мандайшадан тұрады. Ал, есіктің екі жақтау ағашын «таяныш» дейді. Оған сықырлауық орнатады.

Сықырлауық – киіз үйдің өте әшекейленіп жасалатын сәнді есігі. Бұл ортасынан ашылып-жабылатын жарма есіктерге ұқсас. Ол екі таянышқа ілмек арқылы ұстасады, ашып жапқанда сықырлап тұрады, сондықтан оны сықырлауық деп атайды.

Осыдан кейін үйдің киізін жабады. Киіздің төрт түрі бар. Олар: туырлық, үзік, түндік, киіз есік. Алдымен туырлықты керегеге керіп, ұзын баулары арқылы уыққа бекімдеп байлайды. Сонан соң бақанның көмегімен үзік пен түндікті жабады. Үзік кереге басынан шаңырақ шеңберіне дейінгі аралықты қамтиды. Атауына сай олар үзік-үзік киізден құралады.

Түндік – шаңырақты, киіз есік сықырлауықты жауып тұрады. Түндік арнаулы бау арқылы оңай ашылып-жабылады. Киіз есіктің сырты киіз, ортасы ши, астары жарғақ теріден жасалады. Ол шиыршықтың түріп қоюға ыңғайлы.

Киіз үйдің іші екіге бөлінеді. Олар: төр жақ және есік жақ (оң босаға, сол босаға). Қазақ халқы киіз үйдің ішін әсемдеп безендірген. Желбау - өрнекті, төгілме шашақты құр, шаңыраққа үш жерден байланып, керегеге асылады. Ол киіз үйге сәндік-жиһаздық сипат береді. Оның негізгі міндеті – дауыл кезінде шаңырақты салмамен басып тұру.

Әдетте, үйдің оң жағына ағаш төсек орнатып, оның тұсына түскиіз ұстап, шымылдық құрады. Төрге жүкаяқ, оның үстіне абдыра (сандық) қояды. Абдыраға көрпе-жастық тағы басқа жүктерді жинайды.

Үйдің сол жағына тамақ салатын кебеже, қазан-аяқ салатын аяққап, ыдыс аяқтар (саба, торсық, ожау, кесе, тостақ және т.б.) қойылады да, осы араны шым шимен қоршап жабады. Бұл «ас-су бұрышы» деп есептелінеді. Ал, үйдің ортасына тамақ асатын ошақ (таған) немесе темір пеш орнатып қояды. Киіз үйді осылай әр отбасы өз қалауларына безендіріп, жабдықтаған. Жабдықталған үйдің сәнді, әдемі болуы үй иелеріне байланысты.

English translation:

After that, the *shanyraq*¹ is raised. The meaning of *shanyraq* is great in Kazakh life. *Shanyraq* frequently means home, hearth or family. This is also called *qara shanyraq* (black *shanyraq*). A son is considered a master of the father's house, his direct heir. While other parts of a yurt are remade when they wear out, the *shanyraq* is never remade. Usually it is raised by the master of a house.

After that the *uyk*² are attached to the *shanyraq*. The part of the *uyk* where it is attached to the *kerege*³ is flattened and pierced. The rope that runs through the *uyk* is called *uyk bau*. By means of this rope *uyk* and *kerege* are attached to each other.

Besides the *shanyraq*, the threshold is also a particularly honored part. It consists of the threshold itself and a door-frame. The wooden door frame is called *tayanysh*. It is usually decorated with *syqyrlauyq*.⁴

Syqyrlauyq is a yurt's highly decorated and beautiful door. It is very similar to a usual hinged door. It hangs on the supports by means of hooks. When opened or closed it creaks, [and is] therefore called *syqyrlauyq* [which literally means squeaky].

After that the wood frame is covered with felt or *kiyiz*. There are four types of felt: *tuyrlyq* covering the frame, *yzik* covering the roof, *tyndik*, a quadrangular piece covering the dome and a felt door. First of all *tuyrlyq* is stretched upon *kerege* and fastened to *uyq* by long ropes. After that by means of *baqan*,⁵ a long pole with a crotch on the end, *yzik* and *tyndik* are raised on the roof. *Üzik* covers the space between *kerege* and the rim of *shanyraq*. It consists of many different pieces of felt, which explains its name, *yzik*, a piece, section, segment.

Tyndik covers *shanyraq* and the felt door *syqyrlauyq*. *Tyndik* is opened and closed easily by using a special rope. The exterior of the felt door is decorated with felt and leather ornaments. Leather is an appropriate material for making scrolls.

¹ *Shanyraq* - the top round part of a yurt, a rim or a crown.

² *Uyk* - roof pole.

³ *Kerege* - wooden frame.

⁴ *Syqyrlauyq* – door.

⁵ *Baqan* – a pole that is usually used to raise a yurt.

There are two types of deviation of a yurt into two parts: One: *tör* side⁶ and door side or two: to the left and to the right of the threshold. Kazakhs usually decorate the interiors of their houses. *Zhelbau*, a decorative woven ribbon, tied to the *shanyraq* in three places is usually hung on the *kerege*. It gives the interior of the yurt a beautiful-furnished look. Its main function is to support the *shanyraq* during a storm.

A wooden bed with all the linens is usually placed on the right side. A movable screen covers the bed. To the *tör* they put *zhükayaq*, a traditional stand for bed-linen, and a chest on top of that. In the chest one can find different types of linens and other bed supplies (*körpe*).

On the left side of the yurt there is *kebezhe*, a chest for kitchen-wares. Pots and pans, *saba* or *torsyq*, a vessel for *qymyz* made out of skin, *ozhau*, a ladle, *kese*, a tea cup, *piala* etc. This corner is considered a cooking and dining area. In the center of the yurt there is a cooking tripod, stand or an iron kiln. Each family decorates and equips their home according to their needs and taste. Thus, a beautiful and well equipped house is the property of its masters.

About CultureTalk: CultureTalk is produced by the Five College Center for the Study of World Languages and housed on the LangMedia Website. The project provides students of language and culture with samples of people talking about their lives in the languages they use everyday. The participants in CultureTalk interviews and discussions are of many different ages and walks of life. They are free to express themselves as they wish. The ideas and opinions presented here are those of the participants. Inclusion in CultureTalk does not represent endorsement of these ideas or opinions by the Five College Center for the Study of World Languages, Five Colleges, Incorporated, or any of its member institutions: Amherst College, Hampshire College, Mount Holyoke College, Smith College and the University of Massachusetts at Amherst.

© 2003-2009 Five College Center for the Study of World Languages and Five Colleges, Incorporated

⁶ *Tör* – a place in the yurt exactly in front of the door. It is considered the place of the master of a house or usually offered to a respected guest.